

**6D060600 – «Химия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Мукажанова Жазира Бигалиевнаның «Сабынкөкгүлділер (*Scrophulariaceae*) тұқымдасына жататын кейбір өсімдіктердің химиялық құрамының және биологиялық белсенділіктерін зерттеу» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысының**

**ПІКІР**

Мукажанова Жазира Бигалиевнаның «Сабынкөкгүлділер (*Scrophulariaceae*) тұқымдасына жататын кейбір өсімдіктердің химиялық құрамының және биологиялық белсенділіктерін зерттеу» тақырыбы бойынша диссертациялық жұмысының маңыздылығы бар деп санауға толық негіз бар.

Автордың зерттеуімен алғаш рет Шығыс Қазақстан өңірінде өсетін *Verbascum orientale L.*, *Verbascum densiflorum L.* және *Verbascum phoeniceum L.* өсімдік түрлерінің жер үсті белігінің (жеміс беру кезеңі) химиялық құрамы зерттелген.

Зерттеуге алғынған *Verbascum* текстес өсімдіктерден 11 макро- және микроэлементтер, 20 амин қышқылдары, 8 май қышқылдары, 87 липофилді заттар, 4 иридоидтар, 7 флавоноидтар, 2 фенилпропаноидтар анықталған. *V. orientale* түрі үшін белінген 5 қосылыс алғаш рет ұсынылған.

Алғаш рет өсімдік құрамындағы биологиялық белсенді заттарды бөлудің блок-сыйбанұсқасы жасалған. Фылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша жеке күйде 13 биологиялық белсенді заттар анықталып, оның ішінде 5 қосылыс *Verbascum orientale* (аюқұлак) өсімдігі үшін алғаш ұсынылған отыр.

Сонымен бірге, осыған дейін әдебиетте көлтірілген 1 жаңа зат: лютеолиннің 7-О- $\beta$ -D-глюкопиранозил-3-O-(3-гидрокси-4-метокси)-циннаматы белінген.

Жұмыс барысындағы алғынған қорытынды нәтижелері үлттық және халықаралық басылымдарда жарық көрген мақалалармен қорғалған, КР ӘМ пайдалы модельге №6334 патентімен расталған.

Диссертацияда койылған міндеттер толық шешілген. Койылған міндеттерге сәйкес, зерттеліп отырған нысандар *Verbascum* тексті өсімдік түрлерінің жер үсті белігінің химиялық құрамы толық қарастырылып, биологиялық белсенді кешендер алу технологиясы ұсынылған және жеке заттардың құрылыштары анықталған. Алғынған ББК-ның биологиялық белсенділіктеріне скрининг жасалып, оң нәтижелер алғынған.

Автордың алған теориялық және қолданбалы зерттеу нәтижелері фармакология және фармацевтикалық нарықта өзекті мәселе болатын тиімді және әмбебап отандық белгілі қасиеті бар дәрілер жасау практикасына, ауыл шаруашылығына қолдануға мүмкіндік береді.

Диссертациялық жұмыс көлемі және мазмұны жағынан диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сай жасалынған және жазылған. Ізденуші Мукажанова Жазира Бигалиевна «6D060600 – Химия» мамандығы бойынша философия докторы PhD атағын алуға лайық деп санаймын.

**Пікір беруші**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, химия және химиялық технология факультетінің профессоры, химия ғылымдарының докторы

Ш.Н. Жумагалиева



ПОДПІСЬ ЗАВЕРЮЮ

Ж.Н.Ж.